**plans.label.author**: Тукина Сауле Габдешовна
**plans.label.category**: Қазақ тілі (Т1)
**plans.label.class**: 4-сынып
**plans.label.section**: Мамандықтар әлемі
**plans.label.theme**: Күрделі сөз.

---

| | |
|---|---|
| Сабаққа негізделген оқу мақсаты | 4.1.2.1 - мәтіннің тақырыбы мен берілген диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу<br>4.3.6.1 - каллиграфиялық нормаларды сақтау, жазу техникасын жетілдіру. |
| Сабақ мақсаттары: | Барлық оқушылар:бөлімде сөз және оның мағыналары, сөз тіркесі, тұрақты сөз тіркестерін дұрыс қолдану практикалық тұрғыда меңгертіледі.<br>Көптеген оқушылар:Оқушылардың сауаттылығын арттыруға, көркем жазу, дұрыс оқу дағдыларын қалыптастыруға және сөйлеу мәдениетін дамытуға мән беріледі. Кейбір оқушылар:топтық,жұптық, жеке жұмыстарды орындайды. |
| Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже) | Мұғалімдер тақырыпқа сәйкес оқушыларға әңгімелер мен өлеңдерді айтып, оларға мұқият тыңдатып, сол әңгімелер мен өлеңдер қалай аяқталатынын болжау үшін мүмкіндіктер беруі тиіс. Бөлімде сөз және оның мағыналары, сөз тіркесі, тұрақты сөз тіркестерін дұрыс қолдану практикалық тұрғыда меңгертіледі. Оқушылардың сауаттылығын арттыруға, көркем жазу, дұрыс оқу дағдыларын қалыптастыруға және сөйлеу мәдениетін дамытуға мән беріледі. |
| Құндылықтарды дарыту | Адамгершілік, еңбекқорлық. |

## plans.stages

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Басталуы | «Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан біліміммен барлығынан асып түссем деймін т.б. Жаңа топ құру Топтарға бөлу. Асық арқылы бөлу Сыныптағы бала санына қарай 3 түрлі асық шашылады, әр оқушы өзіне ұнаған түсті алады түстер бір-бірін тауып, бір топ құрайды<br>1-топ: «Алтын асықтар»<br>2-топ: «Күміс асықтар»<br>3-топ: «Қола асықтар»<br>Жұмыс ережесін келісу Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты,дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке,жұпта,топта, ұжымда) | Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. |

| plans.schedule.stages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|---|---|---|
| Ортасы | Мәтіннің тақырыбы бойынша оның мазмұнын болжа. Содан соң мәтінді мұқият тыңда. Хиуаз жасынан қағілез, бірбеткей, еркін, намысшыл қыз болып өсті. Өз құр¬былары сияқты қуыршақпен ойнауға, әт-кеншек тебуге қызықпады. Ол әкесі айлық еңбекақысын алған сайын кітап сатып алуды әдетке айналдырды. Хиуаз оқуға өте алғыр болып, алтыншы және жетінші сыныптарды бір жылда бітіріп шықты. Ұшқыш болуды армандаған қайсар қыздың шешіміне әке-шешесі қарсы болмады. Ол Мәскеудегі Жуковский атындағы әскери әуе академия¬сына барып бағын сынады. Жолы болмаған жас қыз мединституттан алған білімімен тылда еңбек етті. Болашағын әуелеген бұлттар арасынан көрген «қанатты қыз» аэроклуб оқуына жазылды. Сүп-сүйкімді қазақ қызы¬ның алғырлығы мен кайсарлығына қызыққан атақты ұш¬қыш Марина Раскова Хиуазды ұшу өнеріне баулыды. «Айгөлек» жирналынан • Хиуаз Доспанованьщ «Халық қаһарманы» дәрежесіне жетуіне қандай қасиеттері көмектесті деп ойлайсың? • Ұшқыш болу үшін адамда қандай қасиеттер болуы керек деп есептейсің? • Дереккөздерден Хиуаз Доспанова туралы мәлімет жинап, сыныптастарьща таныстыр.<br>Дескрипторы: Оқушылардың сауаттылығын арттыруға, көркем жазу, дұрыс оқу дағдыларын қалыптастыруға және сөйлеу мәдениетін дамытуға мән беріледі.топтық,жұптық, жеке жұмыстарды орындайды.<br>ОҚУЛЫҚТА БЕРІЛГЕН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ОРЫНДАУ. | Тапсырма ны орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.<br>смайликтер |
| Аяқталуы | Ойтолғаныс кезеңі. Екі немесе одан да көп түбірден жасалған сөзді күрделі сөз дейміз: Ақтөбе, ата-ана, мединститут, әскери-әуе академиясы, еңбекақы. 22. Тіркескен сөздерді оқы. Үздік оқушы, ағаш көпір, жүйрік ат, шұбар ала, он бес, оқып жүр, самал жел, қызық кітап. Рефлексия «Жұлдыздар шеруі» әдісі. | "Екі жұлдыз,бір тілек"әдісі,смайликтер |